

2015 жылға арналған Ұзынкөл ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 59 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 наурызда № 5402 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабына, 7-бабының 2)-тармақшасына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған Ұзынкөл ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Ыбраев

2015 жылға арналған Ұзынкөл ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
2. Елу жастан асқан тұлғалар;
3. Үш және одан астам ай жұмыс істемеген, жұмыссыз тұлғалар.